



№3 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

Халықаралық резервтер және ақша базасы туралы

2016 жылғы 9 ақпан

Алматы қ.

**Халықаралық резервтер және ақша базасы.** 2016 жылғы 29 қаңтардағы жағдай бойынша алдын ала бағалауға сәйкес<sup>1</sup> халықаралық резервтер (Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоспағанда) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша базасы мынаны құрады:

	Ағымдағы бағамен
<b>Жалпы халықаралық резервтер, млн. долл.</b>	<b>26 996,1</b>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн. долл.</b>	<b>26 102,5</b>
оның ішінде:	
ЕАВ-дағы <sup>1</sup> таза активтер	18 123,3
Алтын	7 979,2
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>4 722,0</b>
Тар ақша базасы <sup>2</sup> , млрд. теңге	4 637,6
ЕДБ-ның <sup>3</sup> ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттері, млрд. теңге	14,4
KZT/USD (кезең соңында)	<b>364,79</b>
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD)	<b>1 112,90</b>

<sup>1</sup> ЕАВ-дағы таза активтер – ЕАВ-дағы жалпы активтер мен міндеттемелердің арасындағы айырма

<sup>2</sup> тар ақша базасы – ЕДБ-ның ҚРҰБ-тағы мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы, депозиттер және арнайы мақсаттағы шоттар бойынша %

<sup>3</sup> ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2016 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 879,4 млн. долларға, ал таза халықаралық резервтері 875,6 млн. долларға төмендеді. Бұл ретте таза шетел валютасындағы активтер 1 278,7 млн. долларға төмендеді, алтындағы активтер бағаның 4,8%-ға өсуі және жүргізілген операциялар нәтижесінде 403,1 млн. долларға ұлғайды.

2016 жылғы қаңтарда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығына барынша аз қатысты – Ұлттық Банктің валюта сату түріндегі өктемдігі 57,7 млн. АҚШ долларын немесе саудасаттықтың жалпы көлемінің 2,48%-ын құрады. Шетел валютасындағы таза активтердің орын алған төмендеуі, негізінен, ЕДБ-мен валюталық своптар бойынша нетто-операцияларға (26,9%-ға төмендеді) және ЕДБ-нің Ұлттық Банктегі шетел валютасымен ашылған, оның ішінде пруденциялық және басқа нормативтерді орындау мақсатында ашылған корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың қысқаруына (70,6%-ға төмендеді) байланысты болды.

<sup>1</sup> Бағаға сыртқы басқарудағы активтер бойынша аудитталмаған деректер кіреді.

Банктердің Ұлттық Банктегі шетелдік валютадағы корреспонденттік шоттары жоғары өтімділік талаптарына жауап береді және орталық банктің иелігінде, ХВҚ-ның әдіснамасына сәйкес халықаралық резервтердің бір бөлігі болып табылады. Реттеушінің талаптарын орындаған жағдайда банктердің Ұлттық Банктегі өздерінің корреспонденттік шоттары бойынша жүзеге асыратын операциялар банктердің инвестициялық саясатында айқындалады. Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығындағы операцияларына жатпастан, ЕДБ-нің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың өзгеруі халықаралық резервтер көрсеткішінің өзгеруіне әсер етуде.

Ақша базасы 2016 жылғы қаңтарда 4 722,0 млрд. теңгені құрады. Ақша базасының бір айдағы тарылуы 0,6%-ды немесе 28,4 млрд. теңгені құрады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)